



Тражири
Ханафирады

АЛМАТЫ ОТАРЫ

СОЛУ - АЗ ЖЕКЕДЖИ

БАСПАУ АЛМАТЫ



Гүлжиян қажы Ханафияқызы

**ИМАНДЫ ОТБАСЫ
БОЛУ - АҚ НЕКЕДЕН
БАСТАУ АЛАДЫ**

Екібастұз қ.
2009 жыл

© Гүлжиян қажы Ханафияқызы

Ханафияқызы Г.

X-19 Иманды отбасы болу - ақ некеден бастау алады
(Гүлжиян Ханафияқызы. - Екібастұз, 2009. - 96 б.)

ISBN 978-601-7113-12-4

Гүлжиян қажы Ханафияқызы - Екібастұз қаласының тұрғыны. Өмірден көрген-түйгені мол қарт ана жастарды имандылық жолына баулу мақсатында тәлім-тәрбиеге толы ой-толғаныстарын жергілікті, облыстық және республикалық газет-журналдарда тұрақты жариялап келеді.


Кітаптың тілі жатық. Автор өз өмірінен қызықты оқиғаларды келтіре отырып, ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптейді.

X $\frac{0505000000}{00(05)-09}$

УДК 39
ББК 63.5 (БҚаз)

ISBN 978-601-7113-12-4

© Гүлжиян қажы Ханафияқызы



ИМАНДЫ ОТБАСЫ БОЛУ - АҚ НЕКЕДЕН БАСТАУ АЛАДЫ

Саясат күнде өзгереді, ал дін - мәңгілік. Дініміз - ислам, кітабымыз - құран, ал біздің мәдениетіміз бақытқа жетелеуші.

Халық Алласына тәңіріне сеніп, ертеңгі күнін, ар жақтағы ана дүниеге баратын күнін ойлап, дүниеге мынау бүгінгі күннің күйбеңімен жүре бермей, Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистеріне сәйкес өмір сүрсе дейміз.

Халық өзінің ұлттық қайнарларына, иман тазалығына қайтып оралу үшін мен Кеңес өкіметі тұсында жабылып қалған жүздеген мешіттерді еліміздің мұсылмандарына қайтарып бердім.

Қазір бүкіл Қазақстан бойынша жүздеген мешіттер бой көтерді.

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ





СӨЗ БАСЫ

Бисмилләһир-Рахманир-Рахим!

Ислам діні бейбітшілікті, тыныштықты, дінаралық, ұлтаралық татулықты, рухани бірлігімізді, мұсылмандық ұлт дәстүрімізді, ана тіліміздің ғасырлар бойғы мұраларын сақтау мен нығайтуда игі әсерін тигізуде. Қай мұсылман мемлекетінің болсын тірегі - иманды, берекелі, салауатты өмір сүре білетін отбасылар.

Ей адамзат! Мен сендерге Алла сөзі Құран Кәрімді және Хадистерімді қалдырдым. Егер оны орындасаңдар, екі дүниенің бақытына бөленесіңдер.

Мұхаммед /с.ғ.с./ пайғамбарымыз «Дін – насихаттан тұрады, діни әңгімелерді жинақтап, оны халыққа таратпаған жан қиямет күні тозақтың отымен тізгінделеді», дейді.

Садақаның абзалы - дінге сенуші адамның білім үйреніп, оны өзгелерге де үйретуінде/Хадис/. Сондықтан осы жазылғандардан тәлім-тәрбие болар деген оймен жазып отырмын. Менен садақа болсын.




АТА ДӘСТҮР, ӘДЕТ-ҒҰРЫП

Ұлттың негізі - тілі, дәстүрі, діні, тарихы және атамекені /“Бес анық” кітабында, Мұхтар Арын/.

“Ел болам десең - бесігіңді түзе”. М.Әуезов

“Үйленіп ұрпақ көбейтіндер. Сонда мен қиямет күні басқа пайғамбарлардың алдында үмбетімнің көптігін мақтан етемін”деп, Мұхаммед пайғамбарымыз аманат жүктеген мұсылмандарға ана болу, өмірге адам әкеліп азамат етіп өсіру оңай нәрсе емес екенін айтқан. “Бір баланы өсіріп адам еткенше, бір шаһар опат болады”, “Бір ұл тәрбиелеу - бір азамат тәрбиелеу, бір қыз тәрбиелеу - бір отбасын тәрбиелеу”, “Қыз бала - отбасының ырысы, болашақ ұрпақтың анасы”, “Анаға қарап қыз өсер”, “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” деп, қыз тәрбиесіне зор мән берген халқымыз анасына да зор міндеттер жүктейді.

“Келіні жақсы үйдің - керегесі алтын” деп, келіннің отбасындағы рөлін де жоғары бағалаған. Ене де, келінің де біреудің әлпештеп аялаған қызы деп түсініп, жақсысын асырып, жаманын жасырып, келін мен ененің арасындағы татулық-сыйластықтың өріс алуына мұрындық болса, қандай жақсы. Анадан, енеден тәрбие алған келін барған жерінің керегесін алтын етеді деген сөз осыдан шыққан. Қыз-келін болып дүниеге ұрпақ әкеліп, өмірін әрі жалғастырып, оны тәрбиелеп өсіріп, қуаныш-қызығын көргеннен артық бақыт жоқ шығар,сірә.



ҚЫЗ ЖАТ ЖҰРТҚА ЖАРАЛҒАН

Ислам дінінде мұсылмандар қыз баланы өте ардақтаған. Осыған байланысты Құран-Кәрімнің Рахман сүресінде “Кім өз қыздарына, балаларына қамқорлық жасаса, оларға жақсы қараса, оның тозақ отынан қорғағаны болады” делінген. Ата-бабаларымыз дүниеге қыз бала келсе, “Ырыс алды - қыз” деп қуанған, “Қыз бала - қонақ” деп, ерекше құрметпен қарап сыйлаған. “Қонағынды құдайдай күт” деген мақал бар ғой. Қыз бала кәмелет жасқа келгенше ғана өз үйінде болады да, одан кейін келін, ана, әже атанып, жат жұрттық болады деп қонағындай ардақтаған.

Бар адамзат анадан тарайды. Ананы сондықтан ерекше құрметтейді. Сол құрмет қыз кезден бастау алады. Қыз бала өз үйінде ешқашан төмен отырмаған.

Тіпті, келін болған кезде де тойда:

Сіздерге әрдайым орын бар,
Ақ отау төріне қоныңдар.
Ақ тілек батамыз мінеки,
Бақытты болыңдар, болыңдар,
- деп дастархан төріне отырғызған.
Ал нәрестелі болғаннан кейін
“Енді сен ана болдың” деп одан
бетер ардақтаған.

Қыз баланы қалай еркелетіп, аялап, әлпештесе де, ата-бабаларымыз оның ертең жат жұртқа келін, әже болатынын естен әсте шығармаған.

Құран Кәрімде балиғат жас 15 жас делінген. Ұл балаға қарағанда қыз бала ерте есейеді. Сондықтан

имам Ағзам мазхабының шарты бойынша қыз бала 9 жастан, ер бала 12 жастан намаз оқу міндет.



Гүлжиян қажы екі келіні
Шаттық пен Ләйлә, қызы Айгүл
және немерелері
Әлия мен Сәниямен бірге

Оны әке-шешесін, ата-енесін, туған-туысты, дос-жаранды, қайын жұртты, абысын-ажынды сыйлауға, әрқашан қоғамдық әдептілікке, мейірімділікке, кешірімділікке, кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға, ғайбат айтпауға, қажетсіз іске араласпауға, өзге туралы жаман ойламауға, араздасқанды татуластыруға, шарифатты дұрыс үгіттеуге, екіжүзді жағымпаз болмауға, мырза, қонақжай, инабатты, қайырымды әдепті болуға баулыған. Жолдастары кім, бос уақытын қалай өткізеді. Құмар ойнап, анаша тартпай ма? Киген киіміне де үлкен мән берген. «Есті қыз етегін қымтап ұстайды» демекші, қыздың көйлегінің етегі тізеден жоғары болмауын ескертеді. Қыздың, әйел адамның ашық-шашық жүруі, шаштарын түрлі түске бояу, арқасын, кіндігін көрсетіп, денемен дене жабысып тұрған шалбар, кеудеше кию, қарқылдап күлу, шапылдап ұрсу, сүйрендеп сөйлеу әдепсіздік болады. Әйелдің ашық-шашық жүруі, алды-арты жырық көйлек киіп, батысқа еліктеуі Мұхаммедтің сүннетіне жатпайды. Мұсылман болған соң, Мұхаммедтің сүннетімен жүру керек. “Ағайын тату болса - ат көп, абысын тату болса - ас көп” деп есіне салып, “Ат атандырып, сүйек сындырма. Барған жеріңе тастай батып, судай сің” деп ақылдарын айтып отырған.

Ата-әженің, ата-ененің тәлім-тәрбиесін көріп, ұлттық өнер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым, рәсім, үрдіс, әдеппен халықтық қасиеттерді бойымызға сіңіріп, Мұхаммедтің сүннетімен жүрейік.



СЫҢСУ

Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын-туыстарын аралайды. Былайша айтқанда, қоштасады. Жеңгесін ертіп ағайындарын аралап, өзінің балалық шағын, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерін еске алып, аяулы ата-анасының, туыстарының өзін жеткізудегі өлшеусіз еңбегіне ризашылығын білдіреді. Көңіліндегі өкпе-назын, алғысын ұзатыларда сыңсу арқылы жеткізген.

Базардан келген құйысқан,
Тарамай шашын ұйысқан.
Келіп-кетіп жүріңдер,
Сағындырмай туысқан.

Есік алды қара су майдан болсын,
Ақ жүзімді көргендей айнама болсын.
Қайын атам бар дейді,
Айналайын әкемдей
Қайдан болсын.

Дүниеде кім мұнды, қыз-ай мұнды,
Анадан болып мұнды неге тудық?
Анадан тумас едік болып мұнды,
Бұрынғы ата-ана жолын қудық.
Қайран ауылым қалады-ау,
Қарасам көзім талады-ау.
Әлпештеген ел-жұртым,
Жылай да жылай қалады-ау.

Әкесіне:

Ақ үйдін сәні дөдеге,
Ақ сұңқар ілер бөдене.
Айналайын, жан әке,
Сенсіз сәнім келе ме?

Анасына:

Қызылда бешпент қынадым,
Етек-жеңін жимадым.

Ішіңе сыйған анашым,
Сыртыңа неге сыймадым.
Есіктің алды күрке еді,
Күркеден атым үркеді.
Қыз демеген анам-ай,
Басыма желек бүркеді-ай.

Інісіне:

Айналайын басыңнан,
Басыңа біткен шашыңнан.
Атты да жаяу жүргенде,
Қалмаушы едің, күнім, қасымнан.
Мінгенде атым сарбауыр,
Сары ала қамшы қолға ауыр.
Жыламайын десем де,
Қимады екен ку бауыр.

Ауыл әйелдеріне:

Базардан келген кеселер,
Шай-самауырын еселер.
Бәріңе ортақ қыз едім,
Қош - аман бол, шешелер.
Көлден ұшқан бұлдырық,
Құбыладан соққан ызғырық.
Жатқа кетіп барамын
Жаратқан соң қыз қылып.
Атасы жақсы құл болмас,
Анасы жақсы күң болмас.
Оң жақтан кетіп барамын,
Қыз еркелеп ұл болмас.
Жанымдағы қыным-ау,
Сіңлілер мен інім-ау.
Жыл айналып келгенше,
Қош-аман бол күнім-ау.

Қыздың сыңсуы - жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда да өте орынды дәстүр. Ал қазақтың қазіргі қыздары бұл дәстүрдің алтын арқауын үзді десе де болады. Бұл ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениет ұмытылып бара жатыр.

МЕШІТ ӘДЕБИ

Мешітке кірерде оқылатын дұға:

Аллаһумма ифтах ли әбуәбә рахматикә

1. Мешіт - Байтолла деген Қағбаның бөлімшесі. Аллаһ Тағала пендесінің құлшылық тілегін қабылдайтын қасиетті, нұр-иман шашатын орын. Сондықтан мешітте құлшылық істеліп, діни ғылым үйретіліп, бұдан басқа шариғат үкіміне сай жақсы мақсатқа пайдаланылады. «Мешіт мұсылмандардың қалқаны, кәпірдің зынданы» деген ардақты Пайғамбарымыз /с.ғ.с./ өз хадисінде.

2. Ғибадат жасалатын Аллаһ үйі - мешіт деп саналады.

3. Мешіт қасиетті құлшылық үйі болғандықтан, әрбір кәмелетке толған мұсылман мешіт құқын қорғап, патшаға дейін әдеп сақтап, Аллаһқа құлшылық етеді.

4. Мешітке әр уақытта жуыну /ғұсыл, бой дәрет/ парызын орындап, дене түктерін қысқартып келу.

5. Мешітке толық дәрет алып, таза киім киіп, хош иіс себініп келу.

6. Әрқашан Аллаһты еске алып, Пайғамбарымызға /с.ғ.с./ салауат айтып, жақсы ниет, ізгі тілекпен келу.

7. Кәмелетке толған қыз, әйелдер сақтану керек /басы, тізелері, балтыры т. б. әуретті жерін ашып, жұқа, қысқа киініп келуден/. Мешіттен шыққанда: Аллаһумма инни әсәлүкәмин фадлик.

8. Мешітке кіргенде оң аяқпен кіріп, дұға етіп, сәлем беру.

Кіргенде: Аллаһумма ифтах ли әбуәбә рахматикә.

9. Мешіттен шыққанда, сол аяқпен шығып, ісінің оңды болуын тілеу. Дұға етіп, сәлем беру.

10. Киімінде, денесінде адамдарды жиіркендіретін жағымсыз иіс болмауы керек.

11. Егер мәкруһ уақыты болмаса, «тахиятул» мешіт «ақысы» намазын оқу.

12. Мешітте азан шақырғанда, уағыз, құтпа, Құран оқылып тұрған уақытта ешкіммен сәлемдеспей, басқа іс-әрекет етпей, зейін қойып тыңдауы керек.

13. Мешітте тосын мінез, іс-әрекетке бармау /қатты күлу, кекіру, түшкіру, есінеу, әдепсіз сөйлеу, зеку/ өзгенің назарын аудармау, құлшылық, ғибадатын бұзбау.

14. Пердесіз намаздағы адам алдынан жүрмеу, кісі жүзіне қарап намаз оқымау.

15. Мешіт ішінде жүгірмейді, қалай болса солай отырмайды.

16. Мешіт ішінде сауда жасалмайды, қоқыс тасталмайды, қайыр сұралмайды.

17. Мешітте бос уақытта Құран оқу, таспих тартып, күнәлі ісіне Аллаһтан кешірім сұрап, дүние және ақиретте жақсылық тілеу.

18. Азан шақырғанда батасына, оқылып жатқан жамағат намазына ұйымаудан сақтану.

19. Жұқпалы, қауіпті аурудан сауықпай мешітке келмеу.

20. Мешітке алдағы бос саптарды толтырып, кейін келгендер адамдарды баспай, аттамай, әдеп сақтау.

21. Мешіт Алла Тағаланың назары түсіп, нұры жауып, Періште «Әмин!» деп тұратын нұрлы жер болғандықтан, бір адамның құлшылық, ғибадатын Аллаһ қабыл етсе, сол жамағаттың әрбірі сансыз сауап алады.

22. Құрметті жамағат! Пайғамбарымыз Мұхаммед /с.ғ.с./ үмметіне үлгі етіп, «Әдеп-иманнан» деп ескертті.

Қосымша ескертулер:

1. Әйел заты мешітте өздері үшін белгіленген орыннан ер кісілер намаз оқитын залға өтпеуі тиіс;

2. Мешітке кірерде ұялы телефонды сөндіріп, одан дыбыс шықпайтын ету керек.

3. Мешіт пен оның ауласында арнаулы дүңгіршектен өзге жерінде ешқандай да сауда-саттық жасалынбайды.

Аллаһ Тағала ниеттеріңізді қабыл етсін!



**Сондықтан әдеп сақтап,
иманымызды кәміл етейік!**

МЕШІТТЕ НЕКЕ ҚИЮДЫҢ ТӘРТІБІ

Некесін қидырушы мен куәгерлері мешітке келерде кәлима-шаһадат айта білуі керек.

Ля иләһә иллаллаһ Мұхаммеду-р Расулауллаһ

Мағынасы: Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Мұхаммед - /с.ғ.с./ - Аллаһтың елшісі.

Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммадан ғабдуһу уә Расулуһу

Мағынасы: Мен Аллаһтан басқа ешбір Тәңір жоқ екендігіне және де Мұхаммед /с.ғ.с./ Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін.

1. Алдымен мешітте некесін қидырып, одан соң «Неке сарайына» /Азаматтық хал-әктілерін тіркеу орны/ барғаны мақұл.
2. Қалыңдықтың көйлегі бүкіл тұла бойын жауып, дене мүшелерін көрсетпейтін болуы тиіс. Бірге еріп жүрген құрбы-құрдастары мен ата-ене, туған-туыстары да әдемі киініп, әйел заты бастарына ақ орамал тартып келгені жөн.
3. Жас жұбайларға еріп келушілермен жағымсыз иіс /арақ-шарап, пияз, сарымсақ/ сезілмегені абзал.
4. Неке суын ішу тәртібі:

– Күйеудің жолдасы күйеу жігітке кесені ұсынып, 3 рет жұтқызады;

– Күйеу жігіт ішкен жерден қалыңдық та 3 рет жұтады.

– Содан кейін күйеу мен қалыңдықтың жолдастары ішеді.

– Соңынан неке судан туыстары ауыз тиеді.

Неке қидырушылар мен оларға ерген топтың мешіт әдебін сақтауы қажет.

Неке қию - үйлену тойының басы. Сондықтан той шашусыз болмайды.

Күйеу жігіт неке қию рәсiмiнде қалыңдыққа махер, яғни сыйлық атайды. Ол алтын жүзiк, не алтын алқа болуы да мүмкiн. Мүмкiндiгi бар күйеу жігіттiң қымбат дүние атап қалыңдығының көңiлiнен шыққаны жақсы. Егер қалыңдықтың аяғы ауыр болса, неке босанған соң қиылады. Мұсылмандарда, әсiресе қазақ ұлтында жетi атаға дейiн құдаласып, қыз алыспайды.

Аллаһ алдындағы ақ неке ұзағынан болғай!

Өмiр қызығы мен қиындығын бiрге бөлiсiп, жұптары жазылмағай!



Мешiтте неке қию рәсiмi



МҰСЫЛМАНША НЕКЕ ҚИЮ ШАРТЫ

Бисмилләһир-рахманир-рахим!

Мейірімді, рақымды Алланың атымен бастаймын!

Мұсылмандардың діні - ислам. Ислам діні - бейбітшілікті, тыныштықты, дінаралық, ұлтаралық татулықты, рухани бірлігімізді, мұсылмандық ұлт дәстүрімізді, ана тіліміздің ғасырлар бойғы мұраларын сақтау мен нығайтуда игі әсерін тигізуде. Қай мұсылман мемлекетінің болсын тірегі - иманды, берекелі, салауатты өмір сүре білетін отбасылар.

Адам өміріндегі ең ұлы бақытты сәт - екі жастың отау тігіп, шаңырақ көтеруі. Осынау маңызды оқиғаға Ислам діні де ерекше мән берген. Біздің дініміз адамды, Алла Тағала жаратқан тіршілік иелерінің ішіндегі ең қасиеттісі санайды. Сондықтан оның жанын, ақылын, ар-намысын, мал-мүлкін қорғау туралы заңдарды Құран жолымен қалыптастырып, бекіткен. Соның ішінде баса назар аударатыны - ұрпақ қамы, нәрестенің таза жолмен дүниеге келуі, жаны, тәні, дені сау болып, алаңсыз, мұңсыз өсуі үшін ақ некемен үйленуді бұйырған.

Бабаларымыз ақ неке деп ардақтаған бұл игі қадам – адам өміріндегі ұлы өзгеріс. Сіз кеше жалғыз едіңіз, бүгін екеусіз, қасыңызда тағдырдың түрлі сынағын бірге көтеріп, ыстық-суықты, жақсылық-жамандықты бірге бөлісер жан жарыңыз бар. Осы сезімнің өзі бойыңызға күш-қуат беріп, жүрегіңізге жылу, жүзіңізге нұр сыйлайтыны ақиқат. Көптеген отандастырымыз шаңырақ көтерудің ең алғашқы шарты - Алланың алдында, яғни шарифат талаптарына сай неке қию екенін біле бермейді. Үкіметтің Неке сарайында заңды түрде үйленгендерін білдіретін неке куәлігін алсақ болды деп санайды. Әрине, өзің өмір сүріп отырған мемлекеттің азаматы болғандықтан сол үкіметтің заңдарын мүлтіксіз орындаған

абзал, әйтсе де алдымен Алланың алдында ақ болған дұрыс екенін ешқашан естен шығармағанымыз жөн шығар. Үйленіп, ақ некесін қиғандар - діннің жартысын қорғайды. Некелі жолмен дүниеге келген бала мейірімді, рақымды, шапағаты мол, көпшіл, ел қамын ойлаған абзал азамат болып өседі. Мәселен, Абайдың атасы Өскенбай мен әжесі Зере ақ некемен қосылған. Зере ана баласы Құнанбайды дәретсіз емізбеген. Дініне берік, тақуа адамдардан Абайдай ұлы тұлғаның дүниеге келгені көп жайды аңғартса керек.

Мен 1960 жылы Совет Жанкелдіұлына тұрмысқа шықтым. Сонда біз Неке сарайына барған жоқпыз. Ата-енем үйге молланы алдыртып, некемізді қидырды, неке суын ішкізді. Екі жарым жылдан кейін тұңғыш баламыз туған соң, Неке сарайында некеге тұрып, нәрестеміздің туу туралы куәлігін алдық. Перзентханадан келген күні молланы алдыртып, нәрестеге азан шақыртып, ат қойдырдық. Сәбидің есімі қойылғаннан кейін шілдехана, қалжа, бесікке салу, қырқынан шығару секілді салт-дәстүрлерді орындадық.

Біз ата-анамыз үлгі етіп көрсеткен шарият заңдылықтарын бұлжытпай орындап қана қоймай, бүгінде өз балаларымызға, немерелерімізге осы үрдісті үзбей, жалғастырып келеміз.

Осы орайда атақты Қожамберді жыраудың жас келінге өсиетін назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Жас шаңырақ иесі, айтқаныма құлақ сал,
Біз сияқты атаңның өсиет сөзін ұғып ал.
Өздеріңді әлпештеп, өсіріп еді ата-анаң,
Сол қарттарға кейін де тимесін тілің катадан.

Аялап күтсең кәріңді,
Сыйлайды сені жат адам.
Тірлікте зиян көрмейсің,
Үлкендер берген батадан.
Тісі түсіп саудырап,

Екі көзі жаудырап,
Келіннен көріп қағажу,
Қалмасын шешең қалжырап.
Отырған жері - береке,
Өзіңді тапқан ананың.
Шаңырақтың құты ғой,
Қамқоры сол баланың.
Жағдайына қарасаң,
Ата менен ананың,
Сүйген құлы баласы,
Жаратушы Алланың.
Отбасының ұйытқысы
Қайын атаң мен қайын енең.
Сыйлап жүрсең соларды,
Кем болмайсың ешкімнен.
Қайын енеңді күт, келін,
Бағады ол балаңды,
Енең күші елеусіз,
Демеушің ғой табанды.
Қайраты кетсе бойынан,
Түртпектей берме панаңды.
Мендетеді кәрілік,
Қайтсеңдағы, келіндер,
Тату бол қайын анаңмен.
Жасы ұлғайған кәріңді
Сыйла барлық балаңмен.
Қайын атаң мен енеңді
Болма келін сөгетін.
Еңкейіп кетті демесең,
Жәрдемші бар беретін.
Шақырма ашу қарттарға,
Өзің де сондай боласың.
Өнеге алма тірлікте
Шайпау менен наданнан.

«Үйленуге мүмкіндігі бола тұра үйленбегендер - менің үмметім емес», - депті Мұхаммед /с.ғ.с./ пайғамбарымыз.

Қандастарымыздың кейбірі шаңырақ көтерудің алғышарты-Аллаһтың алдында, яғни шариғат талаптарына сай неке кию қажеттігін ескере бермейді.

Неке қиюдың 5 шарты бар:

1. Қалыңдық пен күйеу жігіттің тілін кәлимаға келтіру /Лә иләһә, иллиллаһу Мұхаммедрасуллаһ/.

2. Олардың бір-біріне жар болуға ризалық білдіруі /Екі жақтың ризашылығын естімей, неке қиюға болмайды/.

3. Мәһәр - ер адамның қалыңдығына жасайтын сыйлығы /арабтар 10 динар көлемінде мәһәр береді, қазір мәһәрдің нақты мөлшері жоқ. Мәһәр әйелдің жеке меншік мүлкі болып есептеледі/.

4. Куәлар - екі ер немесе бір ер адам мен екі әйел /келісілген адамдармен қоса некенің қиылғанына періштелер де/ куәлік етеді. Олар бұл дүниеде де, Алланың алдында да куәлік береді. Ал егер некеден кейін арақ ішіп, басқадай арам істерге барса, ол шаңырақтың тірлігіне шайтан араласады. Ақ некенің қадірі кашады.

Ер адамның 4 міндеті бар. Олар:

1. Отбасына жан-жақты жағдай жасау.


2. Ұзақ сапарға шығарда үй-ішін қажетті заттармен қамтамасыз ету.

3. Жұбайын сыйлау, оған күш көрсетіп, қоқан-лоққы жасамау.

4. Бір жаққа кетерде қайда баратынын, қай сағатта, қай жерде болатынын айтып ескерту. Осы 4 міндетке сәйкес Құран Кәрімнен үзінді келтірейін: «Ері әйелді өзімен бірге қоректендіреді, бетке ұрмайды, балағаттамайды, жалғыз қалдырмайды. Кім әйелімен ең жақсы қарым-қатынаста болса, сол сіздердің жақсыларыңыз». «Жібекті түте алмаған жүн етеді, аруды күте алмаған күн етеді». Халық нақылы.

Әйелдің 4 міндеті:

1. Келешекте дүниеге келетін балаларын тәрбиелеу;
2. Күйеуі ислам талабына сай орынды ақыл-кеңес, өсиет сөз айтса - орындау;
3. Бір жаққа баруға жиналса, ерінен рұқсат сұрау;
4. Күйеуіне қарсы шығып, дөрекі мінез көрсетпеу. Осы міндеттерге қоса Құран Кәрімнің аяттарында мынадай сөз бар: «Аналар баланың емшектегі уақытын толық сақтағысы келсе, оның мерзімі толық екі жыл». /Бақара сүресі, 233-аят/. Ол пейіштерде өз ерлерінен басқаға көз салмайтын, өз ерлерінен бұрын ешбір адам да жанына жуымаған әйелдер тұрады. Олар бейне жақұттай, мөлдір, меруерттей ақ». /Рахман сүресі, 58-аят/.



НЕКЕ СУЫ

Осылайша шарифат талаптары жөнінде кеңірек түсінік берілген соң, күйеу жігіт пен қалыңдыққа неке суы ұсынылады. Ол таза, дәмді болуы керек. Екі жастың өмірі балдай тәтті болсын деген ниетпен ол суға бал қосылады, екі жастың өмірі күмістей берік болсын деп күміс салынады. Неке суының тазалығына, дәмділігіне баса көңіл бөлу, жаңадан отау тіккен екі жастың махаббаты, Адам ата мен Хауа ана, Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбар мен Хадиша, Хазіреті Әли мен Фатима аналарымыздай мәңгілік бақытқа бастайтын биік те тұнық, мөлдір де тәтті болса деген ниеттен туған. Отбасының беріктігіне ақ некенің тигізер әсері мол.



Ысқақ қажы, Совет қажы және Гүлжиян қажы мешітте неке қию рәсімін орындаудан кейін неке суын ішіп отыр



ҒҰСЫЛ /бой дәрет/

Лә-илаһа ил-Аллаһ, Мұхаммадүр расулаллаһ.

Мұсылман отбасы ерлі-зайыптылардың арасындағы шарифат заңдылықтарын, халал мен харамның айырмашылықтарын білулері қажет. Мысалы, көптеген отандастарымыз төсек ләззатынан кейін жан мен тән тазалығы үшін /ғұсыл/ бой дәрет құйыну керектігінен мүлдем хабарсыз. Ал ғұсыл құйыну әрбір мұсылман орындауға тиісті парыз.

Негізінде ғұсыл - парыз ғұсыл және сүннет ғұсыл болып екіге бөлінеді. Парыз ғұсыл міндетті түрде орындалуы тиіс амал-әрекеттер. Сүннет – пайғамбарымыздан үлгі-өнеге болып қалған іс, амал-әрекет болғандықтан бұлардың да орындалуы шарт, яғни міндетті.

Уәжіп – орындалуы парыз секілді талап етілмеген, бірақ қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекеттер мен міндеттер. Уәжіптің үкімі парызға ұқсас, орындаған адам сауап алады, іске асырмаса ақыретте азабын тартады.

Ғұсыл дәретті негізінен еркек пен әйел жыныстық қатынас жасағаннан кейін міндетті түрде алуы шарт. Ғұсыл алу төмендегі амалдарды орындауға байланысты уәжіп саналады:

1. Ер немесе әйел адамның балиғатқа жетуі қажет.
2. Ерлі-зайыптылардың жыныстық қатынас жасауынан кейін.
3. Манидың /сперма/ шаһуатпен шығуы
4. Әйелдің хайз /етеккір/ қаны тоқтағаннан кейін.
5. Нифас /босанған әйелден келетін/ қан тоқтағаннан кейін.
6. Ұйқыдан тұрғанда адам киіміне мани жұққанын байқаса, дереу ғұсыл дәрет алуы шарт.

Ғұсыл дәреті болмаған адам не істей алмайды?

1. Құранға қол тигізе алмайды.
2. Құранды жатқа да оқи алмайды.
3. Мешітке кіре алмайды.
4. Намаз оқи алмайды.

Сүннет болған ғұсылдар:

Ғұсыл дәретін алған кезде дене жалаңаш болғандықтан, жанымызда ешкім болмау керек. Егер басқалардың жанында шомылуға мәжбүр болсаң, бір орамалмен әурат жерін жауып, шомылу керек.

Төрт түрлі ғұсыл сүннет:

1. Жұма намазы үшін ғұсыл;
2. Айт намаздары үшін;
3. Арафа күні Арафатта тұру үшін;
4. Қажылықта иһрамға кірер кезде.

Ғұсыл/бой дәрет алу/ төмендегі қағидалар бойынша орындалады:

1. Ағұзу билләһи миннәшшайтанир-Ражим, Бисмилләһир-Рахманим-Рахим дұғасы айтылып, дәрет алуға ниет білдіреді.

2. Екі қолды жуғаннан кейін бүтін денемен бірге сперма ұрық немесе намазға кедергі жасайтын лас болса, жуылып тазаланады.

3. Жуынып тазаланғаннан кейін бейне намазға дәрет алғандай дәрет алынады.

4. Дәрет алынып болғаннан кейін басқа оң және сол иықтарға 3 реттен су құйылады. Денедің су тимеген иненің жасуындай да жер қалмауға тиіс.

Жыныс қатынасының пайдалы жақтары да бар. Олар: біріншіден, көңіліндегі кірбің, қайғы-құсадан арылады. Екіншіден, денедің пайда болған кейбір безеу, бөртпе сияқты тері кеселдерінен сауықтырады.

Шектен тыс жасаған жыныс қатынасының пайдасынан зияны көп. Ол, біріншіден, денені әлсіздендіреді. Екіншіден, аяқ, бел ауруы, бас ауры сияқты көздің нұрын /көру қабілетін/ төмендететін жағдайларға тап қылады. Сондықтан да Әзірет Әлі «Шектен тыс жасалатын жыныс қатынасы ер кісінің күш-қуаты мен көз нұрын төмендетеді» деп текке айтпаған.

ДӘРЕТ

Аллаһ Тағалаға шүкір, еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері дінімізге айрықша көңіл бөліне бастады. Бұған дейін имандылық ұмыт болып, мүлдем жоғалып кетуге аз қалды емес пе?

Бүгінгі күні имандылық жолына түсіп, дәрет алу, намаз оқу сынды мұсылман парыздарының шарттарын іздеп оқып, талпынып, қызығушылар қатары көбейіп келеді.

Әсіресе, жастарымыздың тарапынан мұндай ынта айрықша белең алған. Намаз оқудың бірден-бір шарты болып табылатын дәрет алудың дұрыстығы мен бұрыстығын толық білмей жүрген мұсылмандарымыз да жоқ емес. Сол себепті, сіздердің назарларыңызға дәрет пен ғұсылдың дұрыс орындалу тәртібін ұсынып отырмыз.

ДӘРЕТ ЖАЙЫНДА

Дәретті таза жерде алу керек. Суды көп немесе аз қолданба! Пайғамбарымыз /с.ғ.с./: «Кімде-кім үмметіне дәрет алар кезде Бисмиллаһи-деп қолын жуса, қолымен жасаған күнәлары бағышталады. Аузын, мұрнын, жүзін және басқа мүшелерін жуғанда, бүкіл күнәлары төгіледі» деді. Және бір хадис-шәрифте: «Қиямет күні дәрет алған үмметімнің беттері, жүздері, қолдары және аяқтары аппақ болады. Дәреттің әсерімен – нұрлы болады. Олай болса, осы нұрды көбейтем деген көбейсін» - деп бұйырды.

Дәреттің парыздары:

Бірінші – бетгі жуу;
Екінші – қолдарын шынтакпен мәсих ету;
Үшінші – бастың төрттен бірін мәсих ету;
Төртінші – тобықтарымен бірге екі аяғын жуу.
Бұлардың біреуі орындалмаса, дәреті дұрыс болмайды.

Дәреттің сүннеттері:

Дәретке ниет ету;
«Бисмиллаһ» деп бастау;
Тістерді мисуакпен тазалау;
Ауызы мен мұрнына үш рет су алу;
Әрбір жуылып тұрған мүшені үш рет жуу;
Дәрет алғанда араларын үзбеу;
Бастың барлығына мәсих ету /мәсих барлық жерге бір рет тартылады/;
Құлағының ішіне, сыртына және мойнына мәсих ету;
Дәрет алғанда әрбір мүшені оң жақтан бастау;
Дәрет тәртібін бұзбау.

Дәреттің әдептері:

Дәрет алғанда басқалардан жәрдем сұрамайды;
Көп су қолданбау;
Дәретте дүние сөзін сөйлемей;
Дәретті намаз уақытынан ертерек алып дайындалу;
Дәретті асықпай алу;
Мүшелерді қолмен ысқылау;
Дәретті таза жерде алу.

Дәреттің мәкруһтері:

Оң қолмен мұрын тазартылмайды;
Жуғанда үштен аз немесе көп жуу;
Бет жуғанда су бетке қатты ұрылмайды;
Дәреттің сүннетін тастап кету.

Дәретті бұзатын нәрселер:

Алдынан және артынан шыққан нәжіс, жел сияқтылар;
Денеден шыққан қан, ірің және сары су;
Ауыз толтырып құсу, талып қалу, жатып ұйықтау,
Намаз оқып, жанындағы кісі еститіндей күлу.

Дәретсіз кісі нені істей алмайды:

Бірінші - намаз оқи алмайды;
Екінші - Құранға қол тигізе алмайды.

Оқырман! Сіз де қолыңыздан келгенше дәретпен жүріңіз.

Пайғамбарымыз /с.ғ.с./: «Дәрет үстіне дәрет - нұр» - деді.
Пайғамбарымыз /с.ғ.с./ әр уақыт дәретпен жүретін.

Бес уақыт намаз алдындағы дәрет алу тәртібі:

1./1-сурет/. Ең алдымен екі қолды шынтаққа дейін сыбанып, құбылаға қараған қалпы: «Ағұзу билләһи минәш-шайтанир-ражим. Ниет еттім. Алла разылығы үшін дәрет алуға», - деп дәрет алуды бастайды. Екі қолдың саусақтардың арасы толықтай үш рет жуылады.



2./2-сурет/. Оң қолдың алақанымен су алып, ауыз үш рет шайылады. Оң қолмен үш рет мұрынға су алып, сол қолымен сіңбіріп, мұрын іші тазаланады.



3./3-сурет/. Маңдай шаштың етегінен бастап, құлақтың алды мен иектің астын қосып, бет үш рет жуылады.



4./4-сурет/. Алдымен оң қол, білек шынтақпен қоса жуылады. Жуғанда қолдың іші-сыртына толықтай су тию керек.

Қолда жара болса, су тигізсе де болады.





5./5-сурет/. Сол қол шынтақпен қоса дәл осы тәртіппен үш рет жуылады.



7./7-сурет/. Екі қолды сулап, оң қолдың сұқ саусағымен оң құлақтың іші, бас бармақпен құлақтың сырты, дәл осы тәртіппен сол құлақтың іші-сырты жуылып, мәсих тартылады, жуылады.



6./6-сурет/. Оң қолды сулап, саусақтарымен бастың төрттен біріне мәсих тартылады.



8./8-сурет/. Қалған үш саусақтың сыртымен мойынның сыртына мәсих тартылады, жуылады.



9./9-сурет/. Алдымен оң аяқ қызыл асықпен бірге бақайларының арасы толықтай үш рет жуылады. Сол аяқ қызыл асықпен бірге бақайларының арасы толықтай үш рет жуылады.



Дәрет алғаннан кейін Кәлима-Шәһәдәт оқылады. Дәрет алушы білсе, арнайы басқа дұғаларды оқиды, білмесе оның ешқандай айып-шамы жоқ. Денедегі жара немесе сынық орны дәкемен таңылған болса, мүмкіндігіне қарай шешіліп, асты жуылады, жараны ашуға келмейтін жағдайда дәкенің сыртынан мәсих тартуға болады. Ал жараның үсті ашық әрі зияны тимейтін болса, жараның бетіне су төгіліп, мәсих тартылады. Мәсих тартуда зияны келетін болса, қажет емес.

ЕРІҢ - СЕҢІҢ ПІРІҢ

Қараша - хан тұсында

Қатын - ер тұсында. (Халық мақалы)

Атамыз қазақтың осы мақалы дәл тауып айтылған. Жаныңда ерің болса, шоқтығың биік, еңсең көтеріңкі, көңілің қош. “Жалғыздық тек құдайға ғана жарасқан”, “Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас”. Ерлі-зайыпты болсаң, өмірлік серігіңе қосылсаң, перзентті боласың, өмірің одан әрі жалғасады.

Ертедегі қазақ әйелдері салт-дәстүр бойынша ерін пір тұтып, бетіне қарсы келмеген, сөз жарыстырмаған, алдын кесіп өтпеген, бүкіл отбасына тек әке ғана иелік еткен. Үйленген балаларына дейін әкенің ақылын тыңдап, іс істеген. Осыған орай Мұхаммед /с.ғ.с./ хадистерінен үзінділер келтірейін: “Тату-тәтті тұрған жұбайларды құдіреті күшті құдай қиямет күні мейіріммен қарап, жәннатқа кіргізеді”. “Адамдар арасында әйел кісіге хұқы - оның ері”. “Ешбір себепсіз ерінен ажырасуды талап еткен әйелге жәннаттың иісі арам”, “Ерлер мен әйелдер бір-біріне мейірімді, сүйіспеншілік көздерімен қараса, ар алдында ашық махаббат болса, олардың барлық күнәсі бармақтарының арасынан төгіледі”, “Ер мен әйел бір-бірін қатты қадірлесе, араларына үшінші кісі кірмесе, бұлардан туған бала да жақсы қылықты болып ер жетеді”. Ол рас. «Қараша - хан тұсында, қатын - ер тұсында» демекші, жаныңда ер адам болса, еш нәрседен қорықпайсың, сескенбейсің, себебі алдында күшті білек бар, ойлы, ақылды бас, қорықпайтын



табанды жүрек бар, ондай ер адамдар ертеде көп болған, ал қазір... Кеңес дәуірі келді, әйелдерге теңдік берді, енді бұрынғы ибалы, иманды әйелдер “Хұқымыз ермен бірдей” деп төске өрмелеп, басқа шапты. Ақырында отбасы бұзылып, салт-дәстүр адыра қалып, қаншама шаңырақтың берекесі кетіп, ажырасты. Міне, осыдан барып әйелдер бетімен кетті, енді оған арақ қосылды. Қаншама бала әкесіз, шешесіз жетім өсті.

“Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді”, “Бір үйді үш еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады” дегендей ақылымен, парасаттылығымен, сабырлылығымен ақылы саяз еркектерді тәрбиелеп, үй іші бірлігін сақтап отырған әйелдер аз ба? Өзінің ар-намысын ойлап, балаларын тірі жетім еткісі келмей, еріне ақыл – кеңес беріп, жетік ойын ардақ тұтқызып отырған әйелдер де көп кездеседі. Рас, “Үй болған соң шыны-аяқ сылдырламай тұрмайды». Отбасында кикілжің басталса, күш көрсетпей, сабырға келген дұрыс. Ең бастысы, дауды өршітпеу. Амал не, соңғы жылдары ажырасушылардың қатары көбейіп келеді. Ерлі-зайыптылар “Ашу - дұшпан, ақыл - дос, ақылыңа ақыл қос” деген халқымыздың өмір тәжірибесінен туған ақылды да өнегелі сөздерін есте ұстағандары жөн.

“Ерің - сенің пірің”. Ендеше өздерің сүйіп қосылдыңдар, түсініс, ақылдас, бір-біріңді сыйлай біл, балаларыңның келешегін ойла. Ері мен әйелі ақылдасып іс істесе, заман қиыншылығынан өтуі де оңай болмақ. Мен осы өсиетімді екі келінім мен екі қызыма үнемі айтып отырамын.

Мен жолдасыммен елу жыл отасып келемін. Әрине, бізде де ілкім-шалыс кездер болды, оның бәрі жардың ыстық құшағында, жылы сөзінен кейін ұмытылып кетіп жүрді. Ата-енеммен 30 жылдай бірге тұрдым. Ерім екеуіміздің ренжіскенімізді оларға сездірмеуге тырысатынбыз. Енем зерделі адам еді, біздің ренжіскенімізді, бөлек жатып жүретінімізді байқап қалса “Әйел мен еркек төсекте табысады, неге бөлек жатасың” деуші еді. Мен

іштей “Енемнің кіріспейтін жері жоқ, бөлек жатқанымызды да көре қояды екен” деп налитын едім. Бірақ енеге қарсы шығып, сөз айту қайда. Мылқау кісідей тәрбиесіне көніп, ашуды ақылға жеңгізетінмін.


Қазақ “Енең - екінші анаң”, “Қайын ененің топырағынан жаралған” деп бекер айтпаған. Қазіргі келіндер енеден қашады. Біле білген адамға ене - қамқоршы, ақылшың, қорғаның емес пе? Мен келінді болғанда, менің енем Бағыла тірі еді. Келіміз Шаттық ұлы ене, ұлы ата, ата-ене, екі қайын сіңлі, қайнысымен бірге сегіз жыл бір шатырдың астында тұрды. Атам Жангелді шөбересі Аланды 88 жасында көрді. Ғалықайдар енем қайтыс болғаннан кейін бес күннен соң туды. Атам марқұм “Арманым жоқ. Аллаға ризамын” деп тоқсан жасында дүниеден өтті. Енем марқұм Ғалықайдарды өзі көрмесе де, есімін көзі тірісінде қойып кетті. Тұңғыш немереміз Алан 15 жылдай Венгрияда емделіп, университет бітіріп, қазір әкесінің қасында қызмет істеп жүр.

Мен көпті көрген ана ретінде қыздарым мен келіндеріме айтарым, өмір бір-ақ рет беріледі. Көзді ашып-жұмғанша жарқылдаған жастық шақ та өте шығады. “Бір үйде қанша жан болса, бір-біріңе меймансыңдар” деген сөз бар халық даналығында. Бір кезде төрт бөлмелі жер үйде сыйысып тұрған үш отбасы бала-шағаларымен /ата-енем, біз, Тасболат пен Шаттық ұлдары Аланмен, Бекболат, Бибігүл, Айгүл/ бүгінде әрқайсысы өз шаңырағын түтетіп отырған жандар. Шаттық ұлы ене мен ұлы атасының, ата мен ененің қолына түссе, 48 жылдан кейін “Тағдыр қайталаңады” демекші, келіні Әлия да ұлы ата, ұлы ененің қолына түсіп отыр. Міне, 50 жыл болғанда ұлым Тасболат немере сүйді. Немересі бір жастан асты. Әркімнің есінде мына нақыл жүрсе екен деймін: “Бала - артыңдағы із, бақыт - ұзатылатын қыз, байлық - қолға түскен мұз, дүниенің қызығы - сіз бен біз”. Осы сөздердің мағынасын түсіне білсек, мөлдір сезімді аялап, өмірдің баға жеткісіз қадірін жақынырақ түсінеріміз хақ.

ШӨБЕРЕМ ТОЛДЫ БІР ЖАСҚА

Тұңғыш менің шөберем,
Жүрегімде бір жүрген.
Жанарынан күн күлген,
Қабағынан күн күлген.
Қайың ба екен, тал ма екен,
Шекер ме екен, бал ма екен?
Дүниеде Иасиндей тәтті бала бар ма екен?
Мойныма оралған,
Қоңыр қозым-Иасинім.
Сипайыншы басыңнан
Сүйейінші бетіңнен
Мұрын, көзің, құлағың
Сұлуын-ай бәрінен.
Айым, күнім, шуағым,
Жұлдызым менің, жарығым.
Өзіңсің менің өлеңім-
Айналайын Иасинім.
Жұбанышым күні-түн,
Қуанышым, үмітім,
Балапаным Иасинім,
Құлыншағым-көзімсің,
Болашағым өзіңсің.
Ботақаным Иасинім,
Айдын көлдің құрағы-ай,
Жанарымның шырағы-ай,
Былдырлаған тілін-ай,
Желкілдеген гүлім-ай.

Жүрегімнің жылуы-ай.
Жан сезімнің тынысы-ай
Желкілдеген тұлымың,
Сыңғыр қағып тұр үнің.
Құмарымды қандырған,
Құртақандай құлыным.
Қылығымен алдайды,
Тілі тәтті балдай-ды.
Әжесінің соңынан
“Кәмпит бер”, деп қалмайды.
Қызғалдақтай қаулаған,
Асқар таудай шөберем.
Әжесінен аумаған,
Балдай тәтті балдырған.
Сүйсе мейір қандырған,
Жалығатын емеспін,
Саған айтар ән-жырдан.



*Әнет бидей еліңнің агасы бол,
Халқыңның Қазбектей данасы бол.
Жер, суды жау қалмақтан қорғап қалған,
Бөгенбайдай жұртыңның панасы бол.
Ер Сырымдай халқыңның көсемі бол,
Тоқсан бидей үш жүздің шешені бол.
Керей Белгібайдай білекті бол,
Беріште Исатайдай жүректі бол.*

Н.Әбуталиев

/«Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Алматы-2004 жыл/

МҰСЫЛМАНША АЗАН ШАҚЫРТЫП, АТ ҚОЙДЫҢ БА?

Ислам дінінде нәрестеге азан шақыртып, ат қою ата-ананың мойнына жүктелген парызының бірі болып саналады. Баласы батыр, дана, өнерлі болсын деген ниетпен елдің ардақты азаматтарының, ырым ғып пайғамбарлар мен сақабалардың есімдерін беру ертеден келе жатқан игі дәстүр.

“Жаңарған салт-дәстүр” кітабында “Нәрестеге үш күннен қалдырмай ат қойылады, ал “Ислам ғибадаттары” деген діни басылымда жетінші күні ат қойылады” деп жазылған. Осы шарттарды жұрттың бәрі бірдей орындауы неғайбыл. Ерте ме, кеш пе, балаға ат қойылмай қоймайды ғой, бірақ сол қойған атты молдаға, бар болса мешітке, егер ол екеуі де жоқ болса, азан шақырып, білетін ер адамға нәрестенің құлағына мұсылманша азан шақырту абзал.

Қазір туған нәрестеге ат қою үшін азан шақыртуға келген ата-анасынан “Өз аттарың азан шақырылып қойылды ма?” десе, “Жоқ” деген жауап аласыз. “Құлағына мұсылманша азан

шақырылып, ат қойылмаған бала о дүниеге барғанда махшар алаңында /есеп-қисапқа жиналатын орын/, яғни о дүниеде тіркелмей қалады да әке-шешесін таба алмай жүгіріп жүреді” деп айтып отыратын 102 жасқа келіп қайтыс болған Ұмсын деген нағашы апамыз, өзі молда, діндар адам еді. Азан шақырып ат қоюдың тәртібі: әуелі нәрестені жақсылап шомылдырады. Содан кейін дәреті, намазы бар ер адам сәбиді құбылаға аяғымен қаратып жатқызады да, оң құлағына азан шақырып, үш рет атын қайталап айтады. Сол құлағына да атын үш рет қайталап, әкесінің атын айтады. Құран оқып, ата-бабаларына дұға қылады. Содан соң ата-ананың ризашылығымен тағдыр-жазмыш кітабында «Лаухул-Махфузда» тіркелетін атың осы деп құлағына үш рет қайталайды.

Қазір, Аллаға шүкір, мешіттер көбейіп, медреселер, Құран, Хадия, Шарифат ілімдерінен дәріс беретін курстар ашылып, діни сауаты бар адамдар қатары көбеюде. Сондықтан мұсылманша азан шақырып ат қоюға еш кедергі жоқ деп ойлаймын.



Қызымыз Бибігүлдің үш айлық кезі

ШІЛДЕХАНА, ҚАЛЖА

Ертеде әйелдер үйде босанған. Ананың айы-күні толып, толғақ басталмастан бұрын арнайы жеке үй дайындалған. От жағылып, су жылытады. Осы істердің басы-қасында ақ қол ана мен кіндік шеше ұйытқы болып, көмекке көрші-қолаң, абысын-ажындар келеді. Енесі жарыс қазан дайындайды. Арша тұтатып аластайды. Әбдірелер ашылып, теңдер шешіледі, шай қойылып, ет асылады. Бұл жарысқазанмен жарыса тез босансын деген ниет, ырым. Сәбидің кіндігін кескен әйел “Кіндік шеше” деп аталады. Егер сәбиі шетіней берген болса, ырымдап ер адамға кестірген. Кіндік шешелік міндетті сегіз қырлы, бір сырлы, қолы жеңіл, әр нәрсеге шебер, ақылғой, дана кісілерге жүктеген. Баланың мінезі кіндік шешеге тартады деген ұғым болған. Кіндік шешеге біршама нәрселер жүктеледі. Ол нәресте қырқынан шыққанша, бала ержетіп, ел қатарына қосылғанша кіндік баласын өз назарынан тыс қалдырмаған, әрдайым қамқор болып жүрген. Әйел босанған күннен шілдехана күзеті /жастар күзеті/ басталады. Жас босанған әйелді түнде жалғыз қалдырмаған, түнде дүниеге келген ұрпақты қызықтап дос-жаран, туыстар, жастар келіп ән салып, ойын ойнап /орамал тастау, сақина салу атты ойындар/ өткізеді. Мен өзім 10-12 жастар шамасында шілдеханаға барып, осы ойындарды ойнағаным есімде. Суворов кеңшарының 4-бөлімшесі Қызылсарай ауылында. Шілдеханада айтылатын өлеңмен, әнмен жаңа туған нәрестенің құлағы ашылады деп сенген. “Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең” деген ғой Абай бабамыз. Баланың мойны тез және түзу беку үшін оның шілдеханасына сойылған қойдың мойнын тұтасымен асып, етін тек қолмен үзіп жеп, тесігінен шыбық өткізіп, кептіріп қояды. Ел ішінде жас баланың мойнының тез қатып кетуі осы омыртқаға байланысты деп есептелген. Сол сойылған қойдың құйрығымен сәбиді ауыздандырған. Өз балаларыма ата-енем осыны істеп еді, немерелерімізге біз де істеп келеміз. /Перзентханадан шыққан

күні/. Шілдехана күзетінің бірі - нәресте қыркынан шыққанша сәби жатқан бөлмеде шырақ жағып қою. Әйелдің әл-қуат жиып, белі бекіп кетуі үшін оған арнайы мал сойылып, қалжа беріледі. Жас сорпа ішкізіп, жас ет жегізу мақсатымен сойылған қойдың семіз, күйлі болуы шарт. Қалжаға үлкен апа, әжелер, келіндер қатысады. “Той” демей, “қалжа” деп шақырса, ер адамдар шашымыз түсіп қалады деп келмейді. Үлкендер де өлеңдерін айтып, сәбилі болған отауға ізгі тілек, ниеттерін білдіріп “Бауы берік болсын” және т.б. жылы лебіздерін білдіріп, баталарын береді.

Бата:

I түрі:

Ел сүйетін бала бол, ержеткенде дана бол,
Туып-өскен еліңнің жел жағына пана бол.
Ата-анаң мейірімді бол,
Ағайын-туысқа пейілді бол.
Өнер-білімге зейінді бол,
Он саусағың шебер болсын,
Абыройы өрлесін, жаманшылық көрмесін.
Алла өзі қолдасын, Қыдыр болсын жолдасың,
Мақсатыңа жете бер, өміріңнің түйінін өз қолыңмен
шеше бер.

II түрі:

Көтерейік білекті, нұрға бөлеп жүректі,
Бөбекке бата берейік, ағынан айтып тілекті.
Сәбиіміз сүйкімді болсын,
Бәйтеректей бойшаңданып, өрен өршіл, өркенді болсын.
Жақсы жолды таңдасын, жамандықтан тәлім алмасын.
Даналардың дәстүрін, жаңаласын-жалғасын,
Шұғылалы шуақ күн кешсін, басын сұр бұлт шалмасын.
Қос топшысы талмасын, қырандай биік самғасын,
Ары адал, жаны жаз, құрбысынан қалмасын.

III түрі:

Нәрестенің бауы берік болсын,

Ата-анасына серік болсын.

Азамат болып ержетсін.

Ақсақал болып төрлетсін.

Азамат болсын ардақты,

Мінезі болсын салмақты.

Өнері болсын жан-жақты.

Осы айтқанның бәрі келсін.

Мейірімнің шырағы бол,

Сабырлықтың сыңары бол.

Пәк үлгінің шынары бол,

Туралықтың тұмары бол.

Көпшіліктің ұнары бол,

Жақсылардың шырайы бол.



**Жанкелді атасы мен Бағила әжесі шөбересі
Аланды мейірімдеріне бөлеуде**

ҚАЛАУ

Қалау /салт/. Құттықтап әркім келіп-қалау алып,
Ат мініп, молда-дағы атын қойған.

/С.Торайғыров/

Нәрестелі болған үйдің жақсы малына, затына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйге барып, «Қалау» қалайды. Яғни үй иесіне не баласына лайықты бағалы тарту жасайды. Мәселен, ұлына қамшы, қызына алқа, білезік сияқты бағалы зат сыйлайды. Бұл үшін ол бие, сиыр, кілем т.б. бағалы заттар қалауы мүмкін. Сондықтан үй иесі қалаушының көздеген, қалауын ризалықпен береді. Мысалы, кіндік шеше балаға ит көйлек, қалжа әкеліп, қалау қалайды. Қалауды жақын немесе ілік адамдарға ғана жасайды. Бұл салтымыз «Қазақ осы алудай-ақ алатын, ал беруге келгенде алдына жан салмайтын» дегендей мәрттік көрсетеді. Жоғарыдағы кіндік кесу, кейін «Кіндік шеше» деп айтылып кетті.

Бірде Ақкөлдегі Жандарбек атаның туысы Ғаббардың баласы Хакім нәрестелі болғанда, мен қалжа апардым. Жандарбек қожаның бәйбішесі маған «Сен өз жолыңмен келдің, қалауыңды ата» деген еді, мен сонда «Қалауым жоқ» деген едім. Бәйбіше «Олай болмайды, көңіліне ұнағанды ата» деді. Мен сонда «Біз үшін Жандарбек қожаның орны бөлек. Исабек ишанды пір тұтатын ұрпақтардың бірі ретінде мен сізден үстіңізге киіп, теріңіз сіңген қамзолыңызды қаладым», деп ырымдап, өз ықыласымды білдірдім. Бәйбіше жолынан жығылмай, қалауымды берді.



СӘБИДІ БЕСІККЕ БӨЛЕУ

Ата-бабаларымыз ертеде кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салған. Ұрпақ өсірген, үбірлі-шүбірлі қадірмен әйел екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды. Сәбидің әжесі түбектің тесігінен балаларға тәтті бауырсақ, кәмпит үлестіреді. Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты, тышты» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. «Тыштырманы» әйелдер ырымдап бөлісіп алып, балашағаларына үлестіріп береді.

Нәрестенің ұйқысы тыныш болуы үшін және жыншайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып түтетіп, баланы бөлерден бұрын бесікті айналдыра аластап шығады. Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе /шапан, кебенек, тон, жабу, жүген, қамшы және бесік көрпе/ жабады. Кебенек пен қамшы “Ел қорғайтын ер болсын” деген тілекті тілдіреді. Нәрестені тіл-көзден қорғау үшін оның бесігіне, киімдеріне жыланбас, үкі, тоғыз моншак, күміс тиындарды іліп қояды. Бесікті сатуға, кез келген адамға беруге, аяқ астына тастауға болмайды.

Бесік - нағыз халық мұрасы, бабаларымыздың ғасырлар бойы тұтынып келген ата мүлкі. Дүниеге келген сәбидің ана құрсағынан кейінгі ұясы. Бесікке бөленген сәбидің кіші дәреті шүмек арқылы, үлкен дәреті бесік тесігі арқылы түбекке жиналады. Шүмекті қойдың асықты жілігінен жасайды. Жайлы бөленген, қарны тоқ сәби құп-құрғақ күйінде әбден ұйқысы қанғанша талбесікте ұйықтай береді.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері, медицина ғылымдарының докторы Естөре Өмірзақов бесік

туралы былай дейді: “Баланы құндақтап орағаннан гөрі бесікке жатқызғанның пайдасы мол. Өйткені баланы құндақтап орағанда, оны қайта-қайта шешіп, ашып, жаялықтарын ауыстырып отыру керек. Жаялықтарын ауыстырғанға дейін ылғалда жатқан сәбиге қайтадан орағанша суық тиіп, ауыруы мүмкін. Ал бесікте жатса, ол мұндайдың бірін де көрмей, таза, жылы әрі оянбай тыныш ұйықтаған болар еді. Сондықтан ғылыми медицинаға негіз болған халық медицинасының бесік сияқты құнды жетістігін кеңінен қолдануға лайық дер едік”.



**Бибану қажы шөбересі
Абылайханды бесікке бөлеуде**



Совет қажы және Гүлжиян қажы шөбересі Иасинмен

БЕСІК ЖЫРЫ

I нұсқасы

Әлди-әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін.
Арша ма екен бесігі,
Алар ма екен әкесі.
Өрік пе екен бесігі,
Сүйе ме екен әкесі.
Жиде ме екен бесігі,
Жігіт пе екен әкесі.
Әлди-әлди аппағым,

Қойдың жүні аппағым.
Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым.
Мойнымдағы маржаным
Қорадағы мал-жаным.
Алмай берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп,
Балам жатсын бесікке
Пәлесі кетсін есікке
Қолымда бөбегім
Бесікке бөледім.
Бабамыз қалдырған.

II нұсқасы

Дәстүрді жалға елім.
Әлди-әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Әуедегі жұлдыздай
Суда жүзген құндыздай.
Өзім қалап сүйгендей
Жұмақтағы хор қыздай
Әлди балам, әлди-ай.
Көзімнің ағы-қарасы,
Жүрегімнің парасы.
Дүние қамды ойлатпас,
Көңілімнің данасы
Әлди, бөпем әлди-ай.


Айналайын шырағым,
Көлге біткен құрағым.
Жағамдағы құндызым
Әуедегі жұлдызым
Әлди бөпем, әлди-ай.

Айналайын балам-ай,
Айналды сенің анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде,
Анаңның болар көңілі жай
Әлди балам әлди-ай.

Қолымыздан іс алып,
Мойныңа күш алып.
Бізді бағар ма екенсің.
Құрығынды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп.
Батыр болар ма екенсің.
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің.

/«Жаңғырған салт-дәстүр».

Алматы, 1991 жыл/.



ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ

Қырық күн толғанша бөбекті бір күн сабынды сумен, бір күн тұзбен, бір күн жұпар иісті шөппен /марал оты/ кезекпе-кезек шомылдырады. Тұзды суға шомылып, тұзға піскен сәби шымыр болады. Тұзды суға шомылдырған соң, денесін маймен сылайды. Қырқынан шыққанша осылай шомылдырылған бала есейген соң денесі зақымданса, жарасы тез жазылады. Сәби үшін ең бір елеулі кезең - қырқынан шығару, шілдехана жасау. Қауіп-қатерлі 40 күн өтіп, нәрестенің мойыны қатқан соң ата-анасының көңілі орнына түседі. Осы сәтке дейін нәрестенің іштен туа алынбаған –“сүт тырнағы” мен “қарын шашына” да тиіспейді. Бұл кәдеге шақырылған ауыл әйелдері ыдысқа 40 қасық су құйып, күміс



Шаттық келінім Бекболаттың тұңғышы Әлияны қырық қасық суға шомылдырып жатыр. Су құйып тұрған нағашы апасы Мәдина

теңгелер салынған суға баланы шомылдырып, сонан соң шашы мен тырнағын алады. Бұл шашты шүберекке түйіп, тұмарша етіп тігіп, баланың оң иығына қадайды, ал тырнағын көміп тастайды. Жалпы баланың шашын ешқашан ашық-шашық жерге тастамайды, адам аяғы баспай-

тын жерге көміп отырады. “Қарын шаштың қарғысы қатты болады”,-деген мақал осы салттың көрінісі. Баланың бірінші күні киген көйлегі “Иткөйлек” деп аталады. Сол көйлекті қырқынан шығарда кигізіп, қырқынан шыққаннан кейін кигізбейді. Халықта ол иткөйлектің ішіне түрлі-түрлі тәттілер толтырылып, иттің басына кигізіп жібереді дейді, балалар итті қуып жетіп, тәттіні бөліп алады екен. Иткөйлекті бойына бала бітпей жүрген әйелдер қалап алатын да дәстүр бар. Сәбидің анасы иткөйлекті берген кезде ырымдап, бір шетінен кішкене кесіп алып қалады. Қырық қасық суға түсіргенде: “Иттік қылықтарының бәрі артта қалсын” деп жатады.

Осы сөздер иткөйлектен шықса керек. “Үлкен жігіт боп, ұзақ қыл Алла өмірін, шаттықтан тасысын көңілің, сом темірдей білекті, арыстандай жүректі бол, өмірге аяқ баса бер. Асулардан аса бер. Мақсатына жете бер”,-деп бағаларын берген.





ТҰСАУКЕСЕР

Сәби “тәй-тәйлап” жүре бастаған кезде ата-анасы “Балам тез жүріп кетсін” деген оймен “Тұсаукесер” тойын жасайды. Халықтың түсінігі бойынша, тұсауы кесілмеген бала сүріншек болады. Тұсаукесер тойы өтетін күн белгіленіп, қонақтар шақырылады. Жиналған көпшілік арасынан жүрісі жылдам, қимылы ширақ, іске епті, қағылез, пысық адам таңдалып алынып нәрестенің тұсаукесері соған тапсырылады. Әдетте қазақтар бала тұсауын ала жіппен кескен. “Ала жіпті аттамаған”, “Алалық ойламаған” деген мәтел осыдан шықса керек. Тұсауы кесілген соң сәбиді екі адам ортаға алып шығып, тез-тез жүргізеді. Осы кезде “Тұсаукесер” жыры шырқалады.

Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Күрмеуінді шешейік,
Тұсауыңды кесейік.
Қадамыңды қарайық,
Басқаныңды санайық.
Тұсауың кесілді, құлама.
Тізеңді жаралап, жылама.
Қаз, қаз балам жүре ғой.
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба қой.
Озып бәйге ала қой.
Қаз бола ғой, қарағым.
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер
Асулардан аса бер.

Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың
Елгезек бол, ерінбе
Ілгері бас, шегінбе!
Ала жіпті алайық.
Әжеңе кәне, барайық.
Ер жетті деп айтайық
Шашуын жеп қайтайық.
Бір екі, бір екі, аяқты бас, бекі.

Бұл әдеп-ғұрыптар қазақ өмірінде жазылмаған заң сияқты. Ал шын мәнінде бұл дәстүрлер ел-жұртты ынтымақ пен бірлікке шақырады. Ұлттық ата дәстүріміз, әдеп-ғұрпымыз өркендеп дами берсін.



Сәуле нағашы әжесі мен ұлы әжесі Гүлжиян қажы шөбересі Иасиннің тұсауын кесуде



СҮНДЕТ ТОЙ

Ата-бабамыз шарифат бойынша ұлдарын 3,5,7 жаста сүндетке отырғызған. Сүндетке отырғызатын баласын әдемі тоқым жабылған атқа отырғызып, жөні келсе, текті елдің қызына құда түскен. Осыдан кейін ат шаптырып, ұлан-асыр сүндет тойын жасаған.

Онда ақсақалдар:
Мұсылмандық бір міндет,
Құтты болсын бұл сүндет.
Мұсылмандық белгісі,
Ер баланы сүндеттеу.
Имандылық белгісі,
Сол сүндетті құрметтеу.
Өзінің жолын кірлетпей,
Діннің жолын кірлетпеу.
Ақындарға болмас-ау,
Сүндет тойды жыр етпеу.
Мұсылман болдың, қарағым,

Шырағын жағар ұлысын.
Ата менен ананың
Таудай болсын талабың.
Алтын менен күмістен
Жасалсын барлық жарағың
Мұратыңа жете бер.
Күннен-күнге өсе бер.
Өміріңнің түйінін
Өз қолыңмен шеше бер.
Халқыңның қуанышы бол,
Туған-туыстың жұбанышы бол,
-деп ақ батасын береді.

Ол кезде балаларды қожалар сүндетке отырғызса, бұл күнде сүндетке отырғызу ауруханаларда, үлкен мешіттерде дәрігерлердің көмегімен жүзеге асырылады.

Ата-бабамыздың сүндетке отырғызу дәстүрі, сүндет тойы бүгін де жалғасын тауып жүр. Жақсы дәстүрдің аясы кеңі берсін демекпіз.

2007 жылы Екібастұз қаласының қажылары Сүндет тойды насихаттауға өз үлестерін қосты.



ЖОҚТАУ

«Сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын /Байдалы би/.

Жоқтау - аза ғұрпын көтере түсетін, қайғыны басатын, қаралы салттың бірегей түрі. Қайтыс болған адамның жақсылығын, еліне істеген қызметін, жақсы қасиеттерін паш ететін тұрмыс салт-дәстүрі, жыры, зарлы өлең, жоқтауды белгілі акындар немесе сол адамның әйелдері мен ана, қарындастары да шығара беретін болған. Жоқтаудың дінге қатысы жоқ. Ол қалыпты халықтық салт, өлімнің берік әдет-ғұрпы деп ұғыну керек. «Боздағым» атты қазақтың жоқтау жырларында Бұхардың Абылай ханды жоқтауы, Қаз дауысты Қазыбек биді қызы Қамқаның жоқтауы, Абайұлы Әбішті әйелі Мағыштың жоқтауы сияқты жоқтаудың көркем үлгілері бар. Жоқтау тәрбиелік үлгі-өнегесі бар, мәдениеттілік пен адамды бағалаудың және оны есте сақтаудың бір белгісі ретінде қалыптасқан. Ол өлген адамның жылына дейін айтылады. Жоқтау - азалы, қайғылы, зарлы үнмен жырланады. Жоқтауды қайтыс болған адамның әйелі, апасы, қарындасы, қызы және жақындары айтады. Ал аса құрметті адамдарға сол елдің сұлу, әнші қыздары қатыстырылады.

Өмір бар жерде - өлім бар. Бүгінде қаралы үйге барсаңыз, марқұмның әйелінің, туыстарының, қыздарының жер тепкілеп, шаштарын жұлып «ойбайлап» жылағанын көріп, ыңғайсыз күйге түсеміз. Бұл қазақы дәстүрге жат. Қазаның сәні - жоқтау.

Осы орайда қазақ әйелдеріне үлгі-өнеге болсын деген оймен жоқтаудың бірнеше түрін бергенді жөн көріп отырмын.

ӘКЕГЕ ЖОҚТАУ

